

Білім беру ұйымы : «Адося» балабақшасы

Топ/сыйып: Ересек «Жұлдыз» тобы

Балалардың жасы: 4 жастағы балалар

Жоспардың күрылу кезеңі: Сәуір айы 2024 жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен), тәмен түсіру, қолдарын арқасына апару: қолдарды тәмен түсіру; белге қою, кеуде тұсына қою; қолдарын алға-артқа сермеу. Тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалату. Бір аяқты жоғары көтеріп, жоғары көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру. Екі аяқты кезекпен алға қою, алдымен өкшені, содан кейін аяқтың ұшын қою, тарсылату. Қатарынан 4-5 рет жартылай отыру. Екі қолды белге қойып, екі жаққа созып, отыру.</p> <p>Негізгі қимылдар: бағытты және қарқынды өзгертіп журу 1–1,5 минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру Бөренеден аттап өту орнынан ұзындыққа (шамамен 70 сантиметр), қысқа секіргішпен секіру. допты жоғары лақтыру қолдарды әртүрлі қалыпта ұстап, еденнен 20 – 25 сантиметр жоғары қойылған сатының таякшаларынан аттап өту, араларын алшақ ұстau және жақын тұру.</p> <p>Ырғактық жаттығулар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау</p> <p>Спорттық жаттығулар: Велосипед тебу: екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; онға, солға бұрылу.</p> <p>Қимылды ойындар. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауга үррету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен ойындарда балалардың белсендейлігін дамыту.</p> <p>Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Салауатты өмір салты туралы ұғымдарды көңейту. Дене белсендейлігі (таңертенгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының қанық болуының пайдасы туралы түсінікті көңейту.</p> <p>Дербес қимыл белсендейлігі: Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауга, қимылды ойындарга қатысуға тарту. Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, азага түсетін салмақты реттеу. Ауа-райының жағдайларын ескеріп, таза ауада балалардың қимылдарды орындауды үшін жағдайлар жасау.</p>

	<p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамактанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үрету. Тарапты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамактану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамактанып болғаннан кейін ауызды шаюды дамыту.</p> <p>Әзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары. Әзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құргату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сұрту.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: әрбір тамактанғаннан кейін ауызды шаюды. Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаң аяқ жүруді. Тыныс алу жолдарын шынықтыруды жасату</p>
Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үрету. Сөздік кор. Сөздік корды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз), заттардың орналасқан жерін (сол, он, қатар, жанында, арасында), тұрмыстық электротехника заттарының және ұлттық тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін және мағынасы қарама- қарсы антоним сөздермен байыту.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы Етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үрету (отыр, жұр, жүгір). Байланыстырып сөйлеу. Балаларды әңгіме айтуда үрету: бейтаныс заттар, күбылыстар туралы ақпаратты талқылауға баулу. Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үрету.</p>
Көркем әдебиет	<p>Тыңдалған шығарманың мазмұнын кайталап айтуда, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуда, шығарма мазмұны мен сипаттына сәйкес тақпактарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауда, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауда, кейіпкерлеріне жанашырылған танытуға баулу.</p>
Казак тілі	<p>Тілдік дамытушы орта Сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдануға баулу Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алушы, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Казак тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуда баулу. Сөздік кор Кітаптан ертегілер, көркем шығармалар оқып беруде олардың мазмұнын дұрыс қабылдауда, кейіпкерлеріне жанашырылған</p>

	<p>танытуға, кейіпкердің іс-әрекетіне өз ойын білдіруге баулу.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы</p> <p>Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу</p> <p>бір-бірімен еркін диалог құруға, еркін талқылауға мүмкіндік беру.</p>
Математика негіздері	<p>Жиын:</p> <p>Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жүппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуін дамыту.</p> <p>Сан, санау:</p> <p>Реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үрету.</p> <p>5 көлемінде тұра және кері санауга жаттықтыру.</p> <p>Шама:</p> <p>Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру.</p> <p>Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыруын жетілдіру</p> <p>Геометриялық пішіндер:</p> <p>Геометриялық фигурандарды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атауды (ұзындау-қысқалау, кендеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалындығы бойынша тең) дамыту</p> <p>Кеңістікте бағдарлау:</p> <p>Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, онға-солға, жоғары-төмен), заттарды он қолмен солдан онға қарай орналастыру, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуін жетілдіру (менің алдында үстел, сол жағымда орындық тұр).</p> <p>Үақытты бағдарлау:</p> <p>Тәулік бөліліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бұғін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.</p>
Сурет салу	Балалардың гүлдер, қоршаган заттар мен табигат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Қоңыр, қызылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру).
Мүсіндеу	<p>Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану. Кескішті қолдануды үрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру.</p> <p>Ертегілер мен қоршаган өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісуін жетілдіру.</p>
Жапсыру	Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сактауды, пішінін ескере отырып, ұлттық ою-өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіру дағдыларын дамыту.
Күрастыру	Күріліс материалдарынан, «слего» конструкторлардан құрастыру:

	<p>өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыш бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау. Дайын құрылышпен түрлі ойындар ойнауга ынталандыру.</p> <p>Қағаздан құрастыру: «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыруға ынталандыру.</p> <p>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру: Табиғи (мақта, жұн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық (қақпактың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырыштар) заттардан құрастыруды үрету.</p>
Музыка	<p>Музыка тыңдау: Әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу, казақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату.</p> <p>Ән айту: Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні қөмегімен). Әнді мәнерлеп айтуға үрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде).</p> <p>Музыкалық-ыргактық қимылдар: Мазмұны бойынша таныс әндерді сахналашуға баулу, музыканың ыргағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіруді жасату.</p> <p>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: Таныс әндерді орындауда балаларға арналған музыкалық аспап металлофонды колдану, қарапайым әуендерді ойнауга мүмкіндік беру</p> <p>Билер: Музыканың көнілді, ойнақы сипатын ажыратада білу, атрибуттармен би қимылдарын орындауды дамыту</p>
Коршаган ортамен таныстыру	<p>Бала, оның отбасы, үйі: Отбасы туралы, отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы білімдерін жетілдіру. Отбасындағы үлкендерді сыйлауға, құрмет көрсетуге, кішілерге қамқорлық жасауға, отбасын, отбасылық дәстүрлерді бағалауға баулу.</p> <p>Заттық әлем: Коршаган орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін кеңейту. Қазақ халқының ұлттық киімдерімен, әшекейлерімен таныстыру.</p> <p>Байланыс және қозғалыс құралдары: Әртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру. Көліктегі жұмыс істейтін адамдарға сыйластық танытуға тәрбиелеу.</p> <p>Еңбекке баулу Топта кезекшілердің міндеттерін өз бетінше орындауға үрету: нан салғыштарды, кружкаларды, тәрелкелер мен майлықтарды, ас құралдарын (қасықтар, шанышқылар) ретімен қоюды пысықтау.</p> <p>Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Ренжіген балаға жанашырлық танытуға және ренжіткен баланың әрекеттерінің әділдігіне көз жеткізіп себебін анықтауға баулу</p> <p>Менің Отаным – Қазақстан. Республикадағы қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл мен қала өмірінің әрекшеліктері туралы үгымдарын дамыту.</p> <p>Жолда жүру ережелері. Сюжетті-рөлдік ойындар барысында жол қозғалысы ережелері туралы білімді бекіту.</p> <p>Олі табиғат құбылыстары мен заттары.</p>

Табигат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, кемпірқосақ) көңейту.

Өсімдіктер әлемі.

Бақылау, эксперимент және еңбек ету барысында өсімдіктердің тіршілік иелері екендігін, өсімдік тұтастырының мәнін, олардың өсуі үшін жер, топырақ, су, құн, жарық, ылғал, жылудың қажеттілігін анықтау.

Жануарлар әлемі.

Жәндіктер туралы (коңыз, көбелек, шыбын, құмырсқа) ұғымдарын көңейту, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды: азық, су, жылу, жарық, мекендейтін орнын анықтау.

Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормаларын меңгеруіне ықпал ету.

Қоршаған ортада және табигатта қарапайым тәртіп ережелерін сақтау, қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру және жануарлар мен өсімдіктерге күтім жасауға (өсімдіктерді қорғау, қыстап қалған құстарға жем беру) баулуды жетілдіру.